

"Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 782 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қыркүйектегі № 170 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 02 қазанда № 5162 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы 5 ақпандағы № 1318 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 05.02.2019 № 1318 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 782 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4842 нөмірімен тіркелген, "Қызылорда облысының әкімдігінің хабарламасы" және "Сыр бойы" газеттерінде 2015 жылғы 22 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесінде:

"1. Арал ауданы" бөлімінде реттік нөмірі 1 (бірінші) жол алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 16 (он алтыншы), 17 (он жетінші), 18 (он сегізінші), 19 (он тоғызыншы), 20 (жиырмамыншы) жолдармен толықтырылсын:

"	16)	Қамбаш №1 учаскесі	2400	
	17)	Қамбаш №2 учаскесі	2100	
	18)	Қамбаш №3 учаскесі	5100	
	19)	Қамбаш №4 учаскесі	2200	
	20)	Қамбаш №5 учаскесі	4200	".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Көшербаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК